

Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. ҚРМК-нің 1993.07.09. N 582 қаулысын қараңыз.

Жекешелендірудің инвестициялық купондарының айналымы үшін қажетті жағдайлар жасау және мемлекеттік кәсіпорындарды жаппай жекешелендіру процестеріне халықтың қалың тобын ұйымдасқан түрде тарту мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы Ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір апта мерзімде: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы Е р е ж е н і ;

Инвестициялық жекешелендіру қорларының, осы қорларды басқарушылардың қызметін лицензиялау тәртібі туралы және лицензияның күшін тоқтату мен қайтарып алу туралы Ережені бекітсін.

3. Инвестициялық жекешелендіру қорлары мен олардың басқарушыларының қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті құрған Ведомствоаралық комиссия жүргізетін болып белгіленсін.

Лицензиялары жоқ инвестициялық жекешелендіру қорларына жекешелендірудің инвестициялық купондарымен қандай да бір операция жасауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Инвестициялық жекешелендіру қорларының бірыңғай тізілімін жүргізуді, сондай-ақ олар түсірген эмиссия жүлгелері негізінде қорлар акцияларының шығарылуын тіркеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Мамандандырылған мемлекеттік жинақ банкісі және оның жер-жердегі бөлімшелері жекешелендірудің инвестициялық купондарын азаматтардың шотынан олардың өтініші бойынша инвестициялық жекешелендіру қорларының шотына аударуды бұл қорларда азаматтардың инвестициялық жекешелендіру купондарын шоғырландыру жөніндегі қызметті

жүзеге асыру құқығына лицензиясы болғанда ғана жүргізісін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірге осы қаулымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ережеге сәйкес 1993 жылғы 30 маусымға дейінгі мерзімде:

Инвестициялық жекешелендіру қорының үлгі жарғысын;
Инвестициялық жекешелендіру қоры акциялары эмиссиясының үлгі жүлгесін ;

Инвестициялық жекешелендіру қорының акцияларын шығаруды тіркеу тәртібі туралы ережені ;

Инвестициялық жекешелендіру қорының депозитариймен үлгі шартын;
Инвестициялық жекешелендіру қорының басқарушысымен үлгі контрактіні;
инвестициялық қорлар шығындарының құрамы мен қаржылық нәтижелерін қалыптастыруды анықтау, инвестициялық жекешелендіру купондарын бағалау тәртібін өзіне қамтитын Инвестициялық жекешелендіру қорларының таза активтерін бағалау тәртібі туралы Уақытша ережені;

Инвестициялық жекешелендіру қорларында бухгалтерлік есеп енгізу тәртібі туралы Уақытша ережені бекітетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде:

кадрларды даярлау мен оқыту, әдістеме және ақпарат жағынан қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ осы қорлардың қызметі үшін өзге де шараларды көздейтін инвестициялық жекешелендіру қорларын құру мен дамытуды қолдау бағдарламасын бекітсін ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне кейіннен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізу үшін инвестициялық жекешелендіру қорларына салық жеңілдіктерін беру туралы ұсыныстар түсірсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі азаматтардың инвестициялық жекешелендіру купондарын шоғырландыратын инвестициялық жекешелендіру қорларына олардың қалыптасу мен даму процесінде қаржылай көмек көрсету үшін орталықтандырылған кредит ресурстарының резервтерін көздейтін болсын.

8. Мемлекеттік және мемлекеттік емес телерадио компанияларының, республикалық және жергілікті газеттер редакцияларының және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларына инвестициялық купондар салған қатардағы азаматтардың мүдделерін қорғау мақсатында ақпараттық-жарнамалық сипаттағы хабарландыру жариялауға өтінімдерді азаматтардың купондарымен операциялар жасау құқығына лицензиялары бар инвестициялық жекешелендіру қорларынан ғана қабылдау ұсынылсын.

9. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері инвестициялық жекешелендіру қорларына қажетті үй-жайлар бөлу, депозитарийлер мен аудиторлық фирмалар жүйесін дамытуды көтермелеу, бұл ұйымдар үшін мамандар даярлау арқылы оларды құру мен қызмет етуіне барынша жәрдемдесетін болсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Премьер-министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Ж.С.Кәріпжановқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 3 ж ы л ғ ы

2 3 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 2 9 0

қ а у л ы с ы н а

Қосымша

Инвестициялық

жекешелендіру

қорлары

туралы ереже

I. Жалпы ережелер

1. Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ереже (бұдан әрі - Ереже деп аталады) азаматтардың инвестициялық жекешелендіру купондарын шоғырландыратын инвестициялық жекешелендіру қорларын құру және олардың қызметінің тәртібі белгілейді.

Инвестициялық жекешелендіру қорлары өткізілетін купон аукциондарында жекешелендірілетін кәсіпорындардың акциясына кейіннен салу үшін Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық жекешелендіру купондарын шоғырландырады.

Купондарға айырбасқа жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларын аукционда өткізу аяқталғаннан кейін инвестициялық жекешелендіру қорлары басқа инвестициялық қорлардан, заңды ұйымдар мен жеке адамдардан акционерлік қоғамдардың акцияларын сату мен сатып алуды жүзеге асырады.

2. Халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын және ақша қаражаттарын өз акцияларының эмиссиясы есебінен тарту өз қаржысын басқа эмитенттердің бағалы қағазына инвестициялау және бағалы қағаздарды сату қызметін жүзеге асыратын ашық типтегі акционерлік қоғамдар инвестициялық жекешелендіру қоры деп танылады.

Бұл операциялар инвестициялық жекешелендіру қорлары қызметінің айрықша түрі болып табылады. Қызметтің басқа түрлерімен біріктіруге жол берілмейді.

3. Осы Ережеде қолданылған негізгі ұғымдар:

жеке адам мен заңды ұйымдар - кез келген жеке адам немесе заңды ұйым, оның ішінде акционерлік қоғам, серіктестік, мемлекеттік кәсіпорын;

жеке адамның немесе заңды ұйымның (акционерлік қоғамның, серіктестіктің, мемлекеттік кәсіпорынның) жетекші адамы (ұйымы) - оның басқарушысы, лауазымды адамдары, құрылтайшылары, сондай-ақ оның акцияларының 25 және одан да көп проценті тиесілі акционерлер, немесе ішінде осы адамға дауысқа түсуші акциялардың 25 және одан да көп проценті тиесілі кәсіпорын. Басқарушының жетекші ұйымдары қатарына онымен инвестициялық қорды басқару туралы контракт жасасқан барлық инвестициялық жекешелендіру қорлары кіреді;

инвестициялық жекешелендіру қорының жетекші тобы - инвестициялық жекешелендіру қоры, инвестициялық жекешелендіру қорын басқарушы, сондай-ақ осы инвестициялық жекешелендіру қорының және оның басқарушысының барлық жетекші адамдары;

Инвестициялық жекешелендіру қорының депозитарийі - осы инвестициялық жекешелендіру қорының жетекші ұйымы болып табылмайтын, бағалы қағаздармен, оның ішінде инвестициялық жекешелендіру купондармен, сондай-ақ қорға тиесілі ақша қаражатымен іс-әрекетті жүзеге асыратын, қордың осы мүлкінің қозғалысын есепке ала отыратын және депозитарлық шартқа сәйкес басқа қызметтерді жүзеге асыратын банкі немесе өзге де заңды ұйым;

ашық инвестициялық жекешелендіру қоры - өз акцияларын оларды міндетті түрде сатып ала отырып эмиссиялаушы, яғни осы қордың акцияларын иеленушіге оның талабы бойынша қор жарғысына сәйкес олардың орнына ақшалай сома немесе өзге де мүлік алу құқығын беретін инвестициялық жекешелендіру қоры;

жабық инвестициялық жекешелендіру қоры - акцияларды эмитенттің сатып алу міндеттемесінсіз оларды эмиссиялайтын инвестициялық жекешелендіру қоры;

инвестициялық бағалы қағаздар - дауысқа түсуші акциялардың 50 проценттен астамы эмитентке тиесілі болатын тектес кәсіпорындар шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, кез келген бағалы қағаздар;

бақылау - жеке адамның немесе заңды ұйымның қызметін басқаруға, оның ішінде дауысқа түсуші акциялардың 25 және одан да көп проценті осы адамға тиесілі болатын кәсіпорынды басқару жөнінде тиісті өкілдіктерін жүзеге асыруға шешуші ықпал жасау қабілеті. Лауазымды адамдардың өз қызмет міндеттерін жүзеге асыруы бақылау болып табылмайды;

инвестициялық жекешелендіру қорының тәуелсіз аудиторы осы қордың жетекші ұйымы болып табылмайтын аудиторлық ұйым;

шек қойылған ұйым, мекеме - жарғы үлесінде мемлекеттің үлесі 30

проценттен асатын кез келген ұйым; министрлік және ведомство немесе өзге де мемлекеттік басқару органы; қоғамдық ұйым және ол құрған кәсіпорын; мемлекеттік концерн, ассоциация және өзге де кәсіпорындардың ерікті бірлестігі; Кәсіпорындардың кез келген бірлестігі, егер оның жарғылық капиталының 30 процентінен кемі мемлекетке тиесілі болса, шек қойылған ұйым болып табылмайды;

инвестициялық жекешелендіру қорының басқарушысы - шек қойылған ұйымдардан басқа, белгіленген тәртіпте басқарушының қызметін жүзеге асыруға лицензия алған, инвестициялық жекешелендірудің қорын басқару туралы өзімен контракт жасасылған кез келген ұйым.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 11-абзацына өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

II. Инвестициялық жекешелендіру қорын құру және тіркеу

4. Инвестициялық жекешелендіру қорын құру мен тіркеу осы Ережемен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Инвестициялық жекешелендіру қоры құрылтайшыларының санына шек қойылмайды. Шек қойылған ұйымдар мен мекемелерден, шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардан басқа, кез келген ұйымдар инвестициялық жекешелендіру қорларының құрылтайшылары бола алады.

Құрылтайшылардың жиналысы Инвестициялық жекешелендіру қорының Үлгі жарғысына сәйкес жасалып, Қазақстан Республикасының Мүлікмемкомы мен Қаржы министрлігі бекіткен жарғыны бекітеді, депозитариймен шарттың және инвестициялық жекешелендірудің қорын басқаруға басқарушымен жасалатын контрактінің жобаларын бекітеді, оларды жасасуға қордың лауазымды адамына уәкілдік береді.

6. Инвестициялық жекешелендіру қорлары жабық инвестициялық жекешелендіру қорлары ретінде құрылады және өз акцияларын акционерлерден сатып алуға құқығы жоқ.

7. Жабық инвестициялық жекешелендіру қорын ашық қорға қайта өзгерту жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын инвестициялық жекешелендіру купондарын айырбасқа аукционда өткізу аяқталғаннан кейін, бірақ оның бірінші аукционға қатысуынан кейін ерте дегенде 15 айдан соң және бағалы қағаздар нарығында қор активтерінің өтімділігі (нарық бағасы бойынша кем дегенде 30 процент) қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Инвестициялық жекешелендіру қорының атауына "инвестициялық жекешелендіру қоры" деген сөздер енгізілуге тиіс. Осы Ережеге сәйкес жұмыс істеуші Инвестициялық жекешелендіру қорларынан басқа ешбір ұйымдардың өз атауына аталған сөздерді енгізуге құқығы жоқ.

9. Инвестициялық жекешелендіру қорының жарғылық капиталы оны құру кезінде құрылтайшылардың салымдары есебінен қалыптасады және кемінде екі миллион теңге болуға тиіс. Инвестициялық жекешелендіру қорын құру кезінде құрылтайшылар инвестициялық жекешелендіру қоры тіркелген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей жарғылық капитал құнын 100 процент төлеуге міндетті. Соның өзінде мүлік үлесі оның құрылтайшылық капиталының 25 процентінен аспауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

10. Құрылтайшылар бастапқы капитал ретінде енгізген салымдарын инвестициялық жекешелендіру қоры қайта құрылғанға немесе таратылғанға дейін алуға құқығы жоқ.

Бірінші купон аукционы басталғанға дейін инвестициялық жекешелендіру қоры құрылтайшылардың шешімі бойынша құрылтай жарналарын инфляциядан сақтау мақсатында оларды бағалы қағаздарды сатып алу-сатуға байланысты операцияларды жүргізу үшін коммерциялық мақсаттарға, банктерге депозиттерге салуға, сондай-ақ мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерінен өткен кәсіпорындарға қайтарымды негізде қаржы көмегін көрсету үшін пайдалана алады. Залал шеккен жағдайда құрылтайшылар инвестициялық жекешелендіру қорының бастапқы капиталын толық көлемінде қалпына келтіруге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

11. Инвестициялық жекешелендіру қоры жарғылық капиталының мөлшері әрбір жекешелендіру легі аяқталғаннан кейін жекешелендірілген инвестициялық купондарға купон аукциондарында сатып алынған жекешелендірілген кәсіпорындар акциялары құнына ұлғаяды.

Жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларын купондарға айырбасқа бірінші аукционда өткізу аяқталғаннан кейін инвестициялық жекешелендіру қоры жарғылық капиталды инвесторлардың ақша қаражатын тарту есебінен көп дегенде 1/3-ке ұлғайта алады және жекешелендірілген кәсіпорын акциялары портфелінің көп дегенде 30 процентіне бағалы қағаздар нарығында басқа заңды ұйымдар мен жеке адамдардан сатып алу-сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыра алады.

Осы операциялардан жиналған қаржы қордың ағымдық (операциялық) шығындарына және бағалы қағаздар нарқында басқа акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуға пайдаланылуы мүмкін.

Инвестициялық жекешелендіру қорының жарғылық капиталының мөлшерін бірінші купон аукционы өткізілгенге дейін өз акцияларын эмиссиялау жолымен

құрылтайшылар мен басқа да инвесторлардың ақша қаражатын тарту арқылы ұ л ғ а й т у ғ а б о л а д ы .

Қор инвесторлары болуға құқылы заңды ұйымдар мен нақты адамдардың, шектелетін ұйымдардан, шетелдік заңды ұйымдар мен нақты адамдардан басқаларының, құрамы шектеусіз.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қ а у л ы с ы м е н .

12. Акцияларды купондарға айырбастап аукционда өткізу толық аяқталғаннан кейін инвестициялық жекешелендіру қоры өз акцияларының эмиссиясы, өз қаржысын басқа эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялау және осы Ереженің 11-тармағында аталған шектеулерсіз бағалы қағаздарды сату есебінен ақша қаражаттарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыра алады.

13. Инвестициялық жекешелендіру қорының акциялары акционерлерге инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбасқа 10 купон - 1 акция а р а қ а т ы н а с ы н д а беріледі.

Инвестициялық жекешелендіру қорының барлық акциялары иесі белгілі әдеттегі акциялар болып табылады. Әрбір акция акционерлерге акционерлердің барлық жиналыстарында бір дауысқа, қор таратылған кезде дивидендтер және оның мүлкінен тиісті бөлігін алуға құқық береді.

Инвестициялық жекешелендіру қоры құрылтайшыларының акциялары инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбасқа халық арасында таратылатын оның қалған акцияларынан өзгеше болмауға тиіс.

Инвестициялық жекешелендіру қорының акцияларын оның иелері бағалы қағаздар нарығында сатуы мүмкін, бірақ қор жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын бірінші аукционда купондарға айырбасқа сатып алғаннан кейін ерте дегенде 15 айдан кейін және қордың таза активтерінің өтімділігіне қол жеткен кезде сата алады.

14. Инвестициялық жекешелендіру қорының қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тәртіпте Лицензиялар беру жөніндегі ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.

15. Инвестициялық жекешелендіру қорының жетекші ұйымдары болып табылмайтын, бағалы қағаздармен іс-әрекетті, оның ішінде инвестициялық жекешелендіру купондарымен іс-әрекетті жүзеге асыратын және олардың қозғалысын есепке алып отыратын, сондай-ақ депозитарлық шартқа сәйкес басқа да қызметтерді атқаратын банкілер, өзге де заңды ұйымдар инвестициялық жекешелендіру қорының депозитарийі бола алады.

16. Инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қаржы министрлігі бекіткен Инвестициялық жекешелендіру қорының депозитарийімен Үлгі шартқа

сәйкес жасалған депозитарлық шарт жасасады.

Инвестициялық жекешелендіру қоры тек бір депозитарийге ие болуға м і н д е т т і .

Қордың барлық ақша қаражаты мен бағалы қағаздары депозитарийде сақталады. Барлық ақшалай есеп айырысу және бағалы қағаздармен жасалатын операциялар тек депозитарий арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Депозитарий инвестициялық жекешелендіру қорының кредитшісі және кепілі бола алмайды. Депозитарий бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуға шек қоюды қоса алғанда, депозитариймен жасасылған шарттың талаптарын ескере отырып инвестициялық жекешелендіру қорының бағалы қағаздарымен операцияларды жүзеге асырады және бақылайды.

Инвестициялық декларация талаптары және инвестициялық жекешелендіру қоры қызметіне қойылған шек депозитарийдің орындауы үшін міндетті.

17. Инвестициялық жекешелендіру қоры құжаттаманы және қордың, басқарушы мен депозитарийдің есеп беруін жыл сайын тексеру үшін тәуелсіз а у д и т о р та ғ а й ы н д а й д ы .

18. Шек қойылған ұйымдар мен мекемелерден басқа, кез келген жеке адамдар мен заңды ұйымдар инвестициялық жекешелендіру қорының басқарушысы бола алады. Инвестициялық жекешелендіру қорының депозитарийі болып табылмайтын банкі, сақтандыру ұйымы оның басқарушысы бола алады.

19. Инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қаржы министрлігі бекіткен Инвестициялық жекешелендіру қорын басқару туралы басқарушымен жасасылатын типтік контрактіге сәйкес құрылған қорды басқару туралы басқарушымен контракт жасасады. Инвестициялық жекешелендіру қорын басқару туралы басқарушымен жасасылған бұл контрактіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін. Инвестициялық жекешелендіру қорымен қорды басқару туралы контракт жасасқан адамның лицензиясы болуы міндетті.

Инвестициялық жекешелендіру қорын басқарушының қызметін лицензиялау тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

20. Жалған құжаттарды, ақша белгілерін, бағалы қағаздарды жасағаны, ұрлық жасағаны немесе паракорлығы және басқа да пайдакүнемдік қылмыстары үшін сотталған адамдар инвестициялық жекешелендіру қорының қызметшілері, лауазымды адамдары бола алмайды, сондай-ақ қордың басқарушысы, тәуелсіз аудитор немесе депозитарий міндетін атқара алмайды.

III. Инвестициялық жекешелендіру қорының қызметін лицензиялау және бағалы қағаздар шығаруды тіркеу

21. Инвестициялық жекешелендіру қоры лицензиялар алуды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен инвестициялық жекешелендіру қорларының, осы қорлар басқарушыларының қызметін лицензиялау тәртібі туралы және лицензияның күшін доғару және оны қайтарып алу туралы ережеге сәйкес, ал акциялар шығаруды тіркеуді - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қаржы министрлігі бекіткен инвестициялық қаржы қорларының акцияларын шығаруды тіркеу тәртібі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

22. Инвестициялық жекешелендіру қорлары тек лицензия алғаннан кейін және оның күші жойылған кезге дейін өз қызметін жүзеге асыруға (өз акцияларына айырбасқа инвестициялық жекешелендіру купондарын шоғырландыруға, купон аукциондарында жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын сатып алуға, бағалы қағаздарды сатып алуға немесе сатуға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамалап, халықты хабардар етуге) қ ұ қ ы л ы .

Халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын жинақтау құқына лицензия алған инвестициялық жекешелендіру қорлары қызметінің шарты - қорларда компьютер және информатика техникасының болуы. Бірыңғай бағдарламамен қамтамасыз ету және оларға техникалық талап Қазақстан Республикасының Меммүліккомы бекітетін Ережелермен белгіленеді.

Инвестициялық жекешелендіру купондарын аудару мен орналастыруды бағдарламамен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті инвестициялық жекешелендіру қорлары Қазақстан Республикасының Меммүліккомы мен Қаржымині бекіткен тарифтер бойынша шартты негізде көрсетеді.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

23. Акциялар шығаруды тіркеу үшін инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қаржы министрлігі бекіткен Акциялар эмиссиясының типтік проспектісіне сәйкес жасалған инвестициялық жекешелендіру қорының акциялары эмиссиясының проспектісін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етуге міндетті.

IV. Инвестициялық декларация және инвестициялық жекешелендіру қорының қызметіне шек қою

24. Инвестициялық жекешелендіру қорының инвестициялық декларациясы инвестициялардың мақсаттарын, қордың инвестициялық қызметінің негізгі бағыттарын және оған қойылатын шектеулерді белгілейді. Инвестицияға қойылатын шектеулерді инвестициялық жекешелендіру қорларының басқарушылары мен басқару органдары сақтауға тиіс және міндетті түрде

олардың жарғылары мен эмиссиялар проспектілерінде айтылуға тиіс.

25. Инвестициялық жекешелендіру қоры инвестицияларының мақсаттары инвестициялық жекешелендіру купондарын жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларына салудың табыстылығын және салынған қаржының өсімділігін қамтамасыз ету, инвестициялардан және бағалы қағаздармен жасалған операциялардан түскен табыс есебінен дивидендтер алу және оларды қордың акционерлеріне жүйелі түрде төлем тұру болып табылады.

Өз мақсаттарына жету үшін инвестициялық жекешелендіру қоры купондарды жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларына теңдестіре салу арқылы купон аукциондарындағы көзделетін қызметтің негізгі бағыттарын белгілейді.

Жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын купондарға бірінші аукционда өткізу аяқталғаннан кейін инвестициялық жекешелендіру қоры өз қаржысын басқа эмитенттердің бағалы қағаздарына тиімді инвестициялаудағы және бағалы қағаздардың екінші нарқында акцияларды сатып алу-сату жөніндегі табысты операциялар жүргізудегі өзінің көздеген қызметін белгілейді.

26. Инвестициялық жекешелендіру қорының қызметіне қойылатын шектеулер қор акциясына өзінің инвестициялық жекешелендіру купондарын салған халықтың мүдделерін қорғау және қор акционерлерінің тәуекелдігін азайту мақсатында енгізіледі.

Инвестициялық жекешелендіру қорының:

бағалы қағаздарға инвестициялаудан басқа, инвестициялардың өзге де түрлерін жүзеге асыруға;

кез келген акционерлік қоғамның дауысқа түсуші акцияларын, егер оларды сатып алғаннан кейін инвестициялық жекешелендіру қорының жетекші тобына осы қоғамның дауысқа түсуші акцияларының 20 проценттен астамы тиесілі болған жағдайда, сатып алуға;

бір эмитенттің бағалы қағаздарының 20 проценттен астамын сатып алып, өз активтерінде ұстауға;

өзінің таза активтерінің 5 проценттен астамын бір эмитенттің бағалы қағаздарына инвестициялауға;

қаражаты инвестициялық жекешелендіру қорының жетекші адамдарының бағалы қағаздарына инвестициялауға;

кез келген түрде кепілдік беруге, кепілдік мәмілелер жасауға;

ұйымдық-құқылық түрі толық жауапкершілікті көздейтін кәсіпорындардың, бағалы қағаздарына инвестицияларды жүзеге асыруға;

басқарушының өзі, депозитарий, тәуелсіз аудитор, қор құрылтайшылары шығарған бағалы қағаздарға инвестицияларды жүзеге асыруға;

заем қаржыларын тартуға немесе облигациялар, әдеттегі акциялардың иелерімен салыстырғанда иелері қор мүлкіне артықшылық құқық алатын

артықшылық акцияларын, ақша және қарыз міндеттемелерін шығаруға;
жекешелендіру объектілерінің өкілдері, делдалдары, сатушылары ретінде,
оның ішінде жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын, үлестерін,
жарналарын сату кезінде, қызметті жүзеге асыруға;
өзінің жетекші адамдарынан бағалы қағаздар мен өзге де мүлікті сатып алуға
н е о л а р ғ а с а т у ғ а ;
мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, қаржыны қарыз міндеттемелеріне
с а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасында шығарылған инвестициялық жекешелендіру
купондарының бес проценттен астамын сатып алып, өз активтерінде ұстауға;

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген немесе негізгі
қызметті Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде жүзеге асыратын
кәсіпорындардың бағалы қағаздарын инвестициялауды жүзеге асыруға;
инвестициялық қызметпен байланысты емес мәмілелер жасасуға, сондай-ақ
опциондарды немесе кез келген түрдегі фьючерлік контрактіні сатып алуға;
өзге де инвестициялық қорлардың акцияларын сатып алуға және өз
а к т и в т е р і н д е ұ с т а у ғ а ;

қор депозитарийінен кредит және кепілдік алуға құқығы жоқ.

27. Инвестициялық жекешелендіру қоры немесе қордың басқарушысы
пайдалануға немесе табысқа, не қор акциялары құнының ұлғаятынына кепілдік
н е м е с е у ә д е б е р е а л м а й д ы .

Қор және оның басқарушысы қаржы активтерінің түрлері, экономика
салалары, аймақтар, кәсіпорындар және өзге де белгілер бойынша
инвестицияларды диверсификациялау арқылы өз акционері үшін тәуекелді
а з а й т у ғ а м і н д е т т і .

28. Инвестициялық жекешелендіру қоры инвестициялық жекешелендіру
купондарымен өздері жасасқан барлық мәмілелер туралы шарттар мен
келісімдерді шарт (келісім) күшіне енген кезден бастап бес жыл бойы өзінде
сақтауға және алғашқы талап ету бойынша оларды Лицензиялар беру жөніндегі
ведомствоаралық комиссияға көрсетуге міндетті.

V. Басқару және бақылау

29. Инвестициялық жекешелендіру қорын басқару және оның қызметін
бақылау осы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

30. Инвестициялық жекешелендіру қорын басқарудың жоғары органы
акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады, оның құзыретіне мыналар:

- жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- инвестициялық декларацияны, депозитарлық шартты, қорды басқару туралы
басқарушымен жасасылған контрактінің, оның ішінде депозитарий мен
басқарушыға сыйақы беру мөлшерін анықтау тәртібін мақұлдау және оларға

өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- қор қызметінің жылдық қорытындыларын бекіту;
- дивиденд есепшоттарының тәртібін бекіту;
- заңды ұйым құқығынсыз қордың филиалдарын, бөлімшелерін құру және олардың қызметін доғару туралы шешім қабылдау;
- Тексеру комиссиясы мүшелерін тағайындау;
- қордың Бақылау кеңесін сайлау;
- қорды тарату туралы шешімдер қабылдау, тарату комиссиясын құру және оның жауабын бекіту жатады.

Жалпы жиналыс өткізген кезде кворум қордың әдеттегі акцияларының кем дегенде 50 процентіне иеленушілердің жеке өзінің қатысуымен немесе өкілетті өкілдері арқылы қамтамасыз етіледі.

Шешім кворум болған кезде жай көпшілік дауыспен қабылданады. Кворум болмаған кезде акционерлердің жаңа жиналысын өткізу мерзімі 30 күнтізбе күнге ауыстырылады.

Қайта болған жиналыста шешім кворумның бар-жоғына қарамастан оған қатысушы акционерлердің немесе олардың өкілетті өкілдерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады.

31. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы инвестициялық жекешелендіру қоры бірінші купон аукционына қатысқаннан кейін 30 күннен кешіктірмей өткізіледі. Қор акционерлердің басқа жиналыстарына қарамастан акционерлердің жалпы жиналысын жылына бір рет өткізіп отырады. Жалпы жылдық жиналыстар арасындағы кезең 15 айдан аспауға тиіс.

Жылдықпен қатар, төтенше жиналыстар шақырылуы мүмкін. Акционерлердің төтенше жиналыстарын кез келген мәселелерді қарау үшін қор басқарушысы шақыруы мүмкін. Қор басқарушысы Бақылау кеңесі мүшелерінің не қордың әдеттегі акцияларының жиынтығында кем дегенде 10 процентіне ие болған акционерлердің көпшілігінің немесе депозитарийдің жазбаша түрде берілген талабы бойынша төтенше жиналысты шақыруға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

32. Жиналысты шақыру және оның күн тәртібі туралы жазбаша хабарлау әрбір акционерге ол өткізілетін күннен кем дегенде 30 күн бұрын акционерлер тізілімінде көрсетілген мекен-жай бойынша тапсырыс хатпен жіберіледі. Акционерлердің жиналысының шешімі бойынша жиналысты өткізу және оның күн тәртібі туралы хабарлау бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Күн тәртібі хабарландырудан кейін өзгертіле алмайды.

33. Инвестициялық жекешелендіру қоры акционерлерінің жалпы жиналыстары арасындағы кезеңде оның жоғары сайланбалы басқару органы

Бақылау кеңесі болып табылады.

Қордың Бақылау кеңесі мүшелерінің саны акционерлердің жалпы жиналысында анықталады, бірақ тақ сан болуға және кем дегенде бес адамды қамтуға тиіс. Бақылау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылдан аспауға тиіс.

Депозитарийдің талап етуі бойынша оның өкілі қордың Бақылау кеңесі мәжілісіне жіберілуге тиіс.

Басқарушы, тәуелсіз аудитор, сондай-ақ қор басқарушысының жетекші адамдары Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілігін құрай алмайды.

34. Инвестициялық жекешелендіру қорының Бақылау кеңесі мүшелері Бақылау кеңесінің немесе қор басқарушының шешімдер қабылдауына ықпал жасағаны үшін сыйақы алуға жанама немесе тікелей түрде құқығы жоқ.

35. Инвестициялық жекешелендіру қорының Бақылау кеңесі мүшелерінің акцияларға инвестициялық жекешелендіру купондарын айырбастау жөнінде, бағалы қағаздармен, ақша қаражаттарымен және қордың басқа да активтерімен операциялар жөнінде мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

36. Бақылау кеңесінің мүшелері инвестициялық жекешелендіру қоры алдында жарғымен белгіленген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны салдарынан да оған келтірген зиян үшін жауапты болып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық және өзге де жауаптылыққа тартылады.

37. Бақылау кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қор қызметінің барлық мәселелері және оның ішкі істері жөнінде шешімдер қабылдауға құқылы.

38. Бақылау кеңесінің өз өкілеттігін басқа адамдарға немесе органдарға беруге құқығы жоқ.

39. Инвестициялық жекешелендіру қорының Бақылау кеңесі:

- қор ішіндегі қатынасты реттеуші қалыпты құжаттар қабылдауға;
- Бақылау кеңесі мәжілістерін өткізудің регламентін қабылдауға;
- акционерлерге қор филиалдарын, бөлімшелерін құруға қатысты дәлелді қорытындылар беруге;

- есеп берудің тәртібі мен оларды табыс ету мерзімін белгілеуге;
- акционерлерге төленетін дивидендтің мөлшері туралы қорытынды беруге құқылы.

40. Бақылау кеңесінің барлық шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге көзделмеген болса, мәжіліске қатысушы оның мүшелерінің көпшілік жәй дауысымен қабылданады.

41. Бақылау кеңесі мәжілісінің күн тәртібіне әдеттегі акциялардың жиынтығында кем дегенде 5 процентін иеленген акционерлер қарауға ұсынған

мәселелер

енгізіледі.

42. Бақылау кеңесінің барлық мәжілістерінің хаттамалары олар белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Мәжілістердің хаттамалары кез келген акционердің немесе оның өкілінің танысуына оңай болуға тиіс. Барлық хаттамаларға мәжілістің төрағасы мен хатшысы қол қоюға тиіс.

43. Инвестицияларды басқаруды және инвестициялық жекешелендіру купондарын, жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларын және инвестициялық жекешелендіру қорының басқа да бағалы қағаздарын қалыптастыруды оның басқарушысы жүзеге асырады.

Қорды басқарушының құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оның жауапкершілігі қор жарғысымен және басқарушымен жасасылған контрактімен белгіленеді.

44. Басқарушымен жасасылған контракт, егер оның кез келген ережесі инвестициялық жекешелендіру қорының себебін көрсетпей мерзімінен бұрын аталған контрактінің күшін доғару құқығын шектейтін болса, жарамсыз болып табылады.

Инвестициялық декларацияның талаптары және қордың қызметіне қойылған шектеулер басқарушының орындауы үшін міндетті болып табылады.

Басқарушының қызметін инвестициялық жекешелендіру қорының Бақылау кеңесі мен депозитарий бақылайды.

Контрактының күшін мерзімінен бұрын доғарғаны үшін өтем белгілеуге жол беріледі, ол инвестициялық жекешелендіру қорын басқаруға көзделген басқарушының жылдық сыйақысының 50 процентінен аспауға тиіс.

45. Инвестициялық жекешелендіру қорын басқарумен байланысты басқарушы алатын ең көп жылдық сыйақы инвестициялық жекешелендіру қоры активтерінің орташа жылдық құнының 7 процентінен аспауға тиіс. Басқарушы алатын ең көп жылдық сыйақының мөлшерін Қазақстан Республикасы Мүмүліккомы мен Қаржы министрлігінің қайта қарауы мүмкін.

46. Инвестициялық жекешелендіру қорының басқарушысы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өз іс-әрекетімен қорға келтірген зияны үшін жауапты болады.

47. Басқарушының лауазымды адамдары, сондай-ақ инвестициялық жекешелендіру қорының, депозитарийдің лауазымды адамдары мынадай ережелерді басшылыққа алуға тиіс:

инвестициялық жекешелендіру қоры Бақылау кеңесінің рұқсатынсыз басқарушының лауазымды адамдарының және инвестициялық жекешелендіру қорының, сондай-ақ депозитарийдің лауазымды адамдарының жарғылық капиталында инвестициялық жекешелендіру қорының үлесі бар кәсіпорын тарап болып қатысқан бағалы қағаздармен жасасылған мәмілелерге қатысты қандай да

бір үшінші адамға консультация беруге құқығы жоқ;
жарғылық капиталында инвестициялық жекешелендіру қоры бар кәсіпорын және басқарушы мен инвестициялық жекешелендіру қорының лауазымды адамдары арасындағы кез келген шарт қордың Бақылау кеңесінде мақұлданған болуға тиіс;

инвестициялық жекешелендіру қоры және басқарушы мен инвестициялық жекешелендіру қордың лауазымды адамдарының жеке мүддесі бар кәсіпорын арасындағы кез келген мәміле қордың Бақылау кеңесінде мақұлданған болуға тиіс. Бақылау кеңесінің мүшелері және басқарушы мәміле нәтижесінде еңбек немесе азаматтық-құқылық қатынастарға тұрса немесе тұратын болса не жарғылық капиталында инвестициялық жекешелендіру қорына тиесілі 5 және одан көп процент үлес бар немесе инвестициялық жекешелендіру қоры акцияларының 5 және одан да көп проценті өзіне тиесілі заңды ұйымға қатысты жеке меншік иесінің немесе кредитордың құқықтарына ие болса немесе ие болатын болса, олар жеке мүддесі бар деп есептеледі;

басқарушының, инвестициялық жекешелендіру қоры мен депозитарийдің лауазымды адамдары инвестициялық жекешелендіру қорынан алынған ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті.

VI. Таза активтерді бағалау және пайданы бөлу

48. Таза активтерді бағалау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен инвестициялық жекешелендіру қорларының таза активтерін бағалау тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

49. Инвестициялық жекешелендіру қорының пайдасы дивидендтер және қордың бағалы қағаздары бойынша проценттік түсім есебінен, сондай-ақ бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан түсетін табыстар есебінен қалыптасады.

50. Қордың пайдасы салықты және міндетті төлемдерді төлеп болғаннан кейін кем дегенде 90 проценті қор акционерлеріне дивидендтерді төлеуге жіберіледі, пайданың қалған бөлігі Бақылау кеңесінің шешімі бойынша жарғылық капиталды өсіруге және қордың басқа шығындарын жабуға жіберілуі мүмкін.

Инвестициялық жекешелендіру қорының пайда есебінен қандай да бір арнаулы немесе резервтік қорлар жасауға құқығы жоқ.

51. Дивидендтер төлеудің шарттары, тәртібі мен дүркінділігі инвестициялық жекешелендіру қорының жарғысымен белгіленеді, онда мынадай ережелер айтылған:

дивидендтер инвестициялық қызмет және бағалы қағаздармен операциялар жасау нәтижесінде қордың өзі пайда алған кезден бастап төленеді; дивидендтердің ставкасы дивидендтер сомасын қордың айналымға түскен

акцияларының сомына бөлумен анықталады. Ставка бір акцияға сом түрінде көрсетіледі;

дивидендтер қор тізілімінде есепте тұрған акционерлерге төленеді; дивидендтер акционерлерге хабарланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде почта арқылы жіберіледі. Почта шығындарын қор төлейді.

VII. Есеп және есеп беру

52. Инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен инвестициялық жекешелендіру қорларында бухгалтерлік есеп жүргізу ережелері туралы ережемен белгіленген тәртіпке қаржы қызметінің есебін жүзеге асырады және есеп беріп отырады.

53. Бірінші қаржы жылы оның тіркелген күнінен басталып, сол жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Келесі қаржы жылдары күнтізбеге сәйкес келеді.

54. Инвестициялық жекешелендіру қорының құжаттамасы мыналарды қамтиды;

- қордың құрылтайлық құжаттары, сондай-ақ қордың ішкі қатынастарын реттейтін қалыпты құжаттар, олардың кейінгі өзгерістері мен толықтырулары;

- қорға тексеру жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті мемлекеттік органдар қордың қызметін тексерулері үшін қажетті бухгалтерлік есеп құжаттары;

- акционерлер жиналыстары, Бақылау кеңесі және Тексеру комиссиясы мәжілістерінің хаттамалары;

- қорға өкіл болуға сенімхаты бар адамдардың тізбесі;

- Бақылау кеңесі мүшелерінің және қордың лауазымды адамдарының тізімі.

Акционерлер жиналыстары, Бақылау кеңесі мен тексеру комиссиясы мәжілістерінің хаттамалары тегін танысу үшін жұмыс күнінің кез келген уақытында акционерлерге немесе олардың өкілетті өкілдеріне оңай жерде болуға тиіс.

55. Қаржы тоқсаны аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей және қаржы жылы аяқталғаннан кейін 60 күннен кешіктірмей инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры қаржы есебін беруге, сондай-ақ акционерлердің шолып шығуы үшін оны баспасөзде жариялауға тиіс, ол өзіне мынадай ақпаратты қамтиды:

- қор инвестицияларының тізбесі ашып көрсетілген бухгалтерлік баланс (есеп жасалған күнге бағалы қағаздардың саны, түрлері және ағымдық нарық құны туралы мәліметтер көрсетіле отырып);

- пайда мен зиян, сондай-ақ аталған кезең ішінде төленген дивидендтер туралы есеп;

- аталған кезеңнің соңғы күніндегі қордың таза активтерінің инвестициялық

жекешелендіру қорлары таза активтерін бағалау тәртібі туралы ережеге сәйкес есептелген құны туралы, қор шығарған акциялар саны, есеп жасалған күнге бір акцияның көрсетілген бағасы мен ағымдық нарық бағасы туралы анықтама;

- аталған кезең ішінде басқарушы мен депозитарий көрсеткен қызметке ақы төлеу мөлшері;

- есеп жасалған күнге дейін өткізілмеген инвестициялық жекешелендіру купондарының саны туралы анықтама;

- қордың Бақылау кеңесі мүшелерінің, басқарушының, депозитарийдің жетекші адамдары құрамындағы өзгерістері туралы мәліметтер.

Жыл қорытындысы жөніндегі қаржы есебін тәуелсіз аудитор куәландырады.

Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша жасалған акті немесе басқа да құжат инвестициялық жекешелендіру қорының қызметі туралы жылдық есептің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1994.02.23. N 1575 қаулысымен.

56. Инвестициялық жекешелендіру қоры Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне өзінің басқарушысы, депозитарийі және тәуелсіз аудиторы туралы мәліметтерді, инвестициялық жекешелендіру қоры Бақылау кеңесінің барлық мүшелерінің, депозитарий басшыларының, тәуелсіз аудитордың тізімдерін табыс етеді.

57. Инвестициялық жекешелендіру қорына инвесторларға жазбаша түрде және жарнама арқылы оңды табысқа немесе инвестициялық жекешелендіру қорының акцияларын сатып алуға кепілдік беруге тыйым салынады.

58. Инвестициялық жекешелендіру қоры пайдаланылмаған инвестициялық жекешелендіру купондарының санын қоса алғанда, қор активтерінің құны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тоқсан сайын есеп жариялап отыруға міндетті.

VIII. Тексеру комиссиясы

59. Тексеру комиссиясының мүшелерін акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайды. Тексеру комиссиясы кем дегенде үш адамнан тұрады және өз мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Бақылау кеңесінің өтініші бойынша Тексеру комиссиясының мүшелері оның мәжілістеріне қатыса алады.

60. Тексеру комиссиясы Бақылау кеңесіне акционерлердің жылдық жиналысына дейін кем дегенде он күн бұрын жылдық тексерудің нәтижелері бойынша есеп береді. Жоспардан тыс тексеруді Тексеру комиссиясы әдеттегі акциялардың кем дегенде 10 процентін ұстаушылардың немесе Бақылау кеңесі мүшелері көпшілігінің жазбаша сұрауы бойынша жүргізіледі. Қордың Бақылау кеңесі Тексеру комиссиясын барлық қажетті ақпарат пен құжаттармен дер кезінде қамтамасыз етуге міндетті.

ІХ. Инвестициялық жекешелендіру қорын тарату және қайта құру

61. Инвестициялық жекешелендіру қоры: акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша; төрелік сотының шешімі бойынша; Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген басқа негіздер бойынша таратылады.

Қордың жұмыс істеп тұрған алғашқы үш жылы ішінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша инвестициялық жекешелендіру қорын таратуға б о л м а й д ы .

Инвестициялық жекешелендіру қоры қызметінің алғашқы үш жылы ішінде оны қайта құруға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі болған кезде жол беріледі.

62. Инвестициялық жекешелендіру қорын өз еркімен таратуды акционерлердің жалпы жиналысы тағайындаған тарату комиссиясы, мәжбүрлі таратуды төрелік сот тағайындаған комиссия жүргізеді.

63. Инвестициялық жекешелендіру қорларының заңды ұйымдар мен жеке адамдармен дауларын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот және арбитраждық сот қарайды.